



# AllMed-MedTokens

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ  
АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАЗАҚ - ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**



**HOCA AHMET YESEVI  
ULUSLARARASI  
TURK - KAZAK UNIVERSITESI**

**Тақырыбы: Алкоголизмнің, нашақорлықтың,  
уытқорлықтың патофизиологиялық аспектілері.**

Түркістан-2016

# Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
  - Маскүнемдік
  - Нашақорлық
    - Уытқорлық
- Қорытынды

**Маскүнемдік- жүйелі түрде спиртті сусындарды қабылдаумен шақырылатын алкогольге патологиялық құмарлықтың пайда болуымен , психикалық , физикалық бұзылыстармен сипатталатын созылмалы психикалық ауру.**



# Организмдегі этанолдың өзгерістері

- Қабылданған этил спирті асқазан мен ашішекте тез қанға сіңіп, ары қарай жасушаға енеді. Оның 90% сағатына 5-10мл. жылдамдықпен  $\text{CO}_2$  мен  $\text{H}_2\text{O}$  тотығады, ал қалғаны термен, несеппен, нәжіспен, сыртқа шығады. Қанға өткен сәтте жасушаларға уытты ісер етеді. Ол мида дофаминнің және апиынға жауап қайтаратын жүйенің түзілуін көбейтеді. Осыдан мидың қызметтері бұзылады.
- Егер қанда 50мг.%-көңіл-күйдің қобалжуын басады
  - 50-150мг.%-қимыл-қозғалыстың үйлесімділігі бұзылады.
- 150-200мг.%-ауыр уыттану пайда болып, организмнің қатты қозуына алып келеді.
  - 300-400мг.%-адам есінен танады.
  - 400мг.% асқанда өлімге алып келеді

# Клиникалық көрінісі

Жылу сезімімен, тері жабындысының гиперемиясымен, пульс жиілеуімен, тәбеттің күшеюімен бірге жүреді. Көңіл-күй көтеріліп, сергектік сезімі баурайды. Сөзшеңдік, дауыстап сөйлеу, қимылдары екпінді. Зейіні жылдам ауыспалы, ой жылдамдаған, ретсіз. Қозғалыс координациясы бұзылған. біртіндеп шаршағыштық артады, ойлаудың баяулауы, ойдың шашыраңқылығы. Эйфориямен қатар агрессия да болуы мүмкін. Мастану терең ұйқымен ауысады. Алкоголь қабылдауды тоқтатқаннан кейін бірнеше сағаттан соң шөлдеу сезімі, ауыз құрғау, асқазан, бауыр, жүрек аймағындағы жағымсыз сезімдер, жалпы жайсыздық, әлсіздік пайда болады. Мастану кезеңінің жеке эпизодтары ғана есте сақталады.

# ● Даму сатылары

1. Саты 1-ден 4жылға дейін созылуы мүмкін. Көп ішкенді көтере алады, артық ішкен жағдайда құсу болмайды. Істегендерін ұмытып қалады. Рухани тәуелділік болады.

2. Саты ішімдікті көп және күнделікті ішеді. Қобалжуын баспайды керісінше қоздырады. ішпеген жағдайда көңіл-күйі басыңқы, жұмысқа деген қабілеті жоғалады. Ішімдік ішуден соң әл-қуаты артады.

3. Саты ішімдікке төзімділік азаяды. Бірнеше күн ішкеннен кейін жан-дүниесі кеміп, белгілі уақытқа дейін ішуді тоқтатуға мінбүр болады. Аз ішкен кезде де масаяды. ішімдік денені сергітетін әсері жоғалады, ол жалпы адамның жағдайын ұстап тұрады.

# Нашақорлық пен уыттардың әсері

**Нашақорлық** - ресми түрде есірткілердің қатарына жататын заттардан туындайтын дерттер.

**Уытқорлық** - есірткілердің қатарына жатпайтын уытты заттарды артығымен қабылдаған жағдайда дамиды дерт түрі.

Этиологиясы:

- Нашақорлық есірткілердің әсерінен дамиды:

- Апиын тектес(героин,морфин...)
- ОЖЖ сергіткіштер(кокаин,марихуана...)
- Галлюциногендер(мескалин,ЛСД...)

- Уытқорлық көңіл-күйді көтеретін, ой әрекеттерін уақытша арттыратын, емдік емес мақсатта қолданылатын уыттарға әуестендіретін заттар:

- Кейбір химиялық реактивтер
- Тұрмыстық химиялық заттар(желім...)
- Ішімдіктер
- Есірткіге жатпайтын дәрі-дәрмектер(транквилизатор...)



# Түрлері

## Нашақорлық

Каннабизм  
Кендір өнімі

Апиындық  
Морфин,героин,  
омнопон,  
кодеин...

Тетрагидроканнабинол  
өкпеден тез қанға өтеді

Полинашақорлық  
Бірнешеуін бірден  
қабылдау

Кокаинизм  
Кокаин

# Уытқорлықтар



# Ортақ белгілері

- Қайта қабылдауға деген күштарлық
- Организмнің төзімділігінің қалыптасуы
  - Рухани тәуелділіктің дамуы
  - Физикалық тәуелділіктің дамуы
- Нығайту еренінің болуы, яғни осы заттарды қабылдаған жағдайда адамда сергектік, жайлылық сезімі пайда болады, сондықтан соны қайта сезіну үшін ықылас пайда болуы.



Назарларыңызға рахмет!!!